



Бекітемін:
«Айнур» бөбекжай-балабақша
меңгерушісі С.К.Омашова

8 Наурыз – Аналар күніне арналған ертеңгіліктің сценаріі (ересек тобы)

Тәрбиеші: Д.О.Тезекбаева

2021 ж.

8 Наурызға - аналар күніне – арналған ертеңгіліктің сценарийі, 2021ж. (естиярлар тобы)

Залдың іші мерекеге сай әдемі безендірілген.

Жүрг.: Қымбатты аналар, апалар, құрметті қонақтар! Бүгін біз көктемнің алғашқы күні «8 - Наурыз» аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

-Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйықңды бөліп талай күн қаттың.
Өміріме нәрін берді ақ сүтін,
Кең шуағын аясындай гүл бақтың.

-Құрметті аналар, Сіздерге арналған мерекемізді бастайық!
«Аружан»(«Арман», «Ақбота», «Ертарғын») тобының балаларын қарсы алайық!

Көңілді музыка ырғағымен қыздар залға кіріп, билеп тұрады. Артынан ұлдар маршпен кіреді , қолындарында – гүлдер, олар гүлдерін қыздарға сыйлап береді.

Балалардың тақпақтары:

1-бала: Сенен өскен балалар

Батырлар мен даналар!
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті аналар!

2-бала: Мамаларды сүйеміз,

Сөзін ойға түеміз.
Әжені да ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

3-бала: Құшағына кіргенде

Жылынамын бір демде.
Не жетеді көзіңе
Меірімді күннен де.
Құттықтаймын, анашым,
Сегізінші Наурызбен!

4-бала: Мерекені қарсы алып,

Мәз болады барша жұрт,
Гүл ұсынып анаға,
Бердім өзім ән салып.

5-бала: Ақ анашым, аппағым,

Өзің жайлы тақпағым,
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрен де!

Ән «Көп жаса, анашым» - хормен орындалады. Әннің аяғында балалар аналардың алдына келіп, гүліндерін ұсынып, вазаларға қояды, орындарына отырады.

Балалар (әннің аяғында): Мерекенізбен, сүйікті анашым! (Нұршашу!)

Осы кезде залдың ортасында 2-3 бала диванда отырып ойнап, бір ойыншыққа таласады.

1-бала: Әкел, бұл менің ойыншығым!

2-бала: Жоқ, бұл менің ойыншығым!

3-бала: Жоқ, ол менікі!

Жүрг.: Бұл қай үйде шу? Неге балалар жалғыз отыр?

Залға Балалардың күтуші, ұйалы телефонмен сөйлеп, кіреді: Алло, мен тыңдап тұрмын. Распродажа дейсің бе? Қай butikте?.. Мен қазір жұмыстамын – балалардың күтушісі болып істеймін...Иә, келістік - қазір балаларды қамап тастайын да келейін.(балаларға қарап) Мен қазір келемін, сендер шуламаңдар. Чао, - деп, кетеді.

Жүрг.: Бұл не деген күтуші? Неге балаларға қарамайды?

Балалар тағы ойыншыққа таласып айқайлайды.

Күтуші оралады: Сендердің дауыстарың көшеде естіледі. Енді сендермен не істедім? (ойланып) А-а, таптым. Мен Карлсонға қоңырау шалайын. Мүмкін, ол көмектеседі? (ұйалы телефонмен) Карлсон, сенің көмегің қажет. Тезірек осында жетші!

Залға жүгіріп-билеп Карлсон кіреді: Сәлеметсіңдер ме, балалар? (балалар амандасады) Сәлеметсіңдер ме, құрметті аналар? Кім мені шақырды?

Күтуші: Мен сені шақырдым. Карлсон, мен дүкенге барып келейін. Сенің көмегің қажет - уақытша балаларға қарай тұршы.

Карлсон: Жарайды, мен әрқашанда көмекке дайынбын:

- Мен көңілді адаммын,

Шатырда мен тұрамын.

Балаларды қызықтап,

Жүремін оларды қытықтап.

Тәттілерінен жегім келеді,

Олар маған бөліп береді.

Атым менің Карлсон,

Ойнаймын сендермен содан соң.

Күтуші: Керемет, сені шақырғаным дұрыс болды. Ал, мен кеттім. Мен көп бөгелмеймін, чао! - деп, жүгіріп кетеді.

Балалар тағы шулайды.

Карлсон: Тынышталыңдар, балалар. Мен сендерді ұйықтатайын. Қанеки, кітабим қайда? Сендерге ертеке оқып берейін.Ал, сендер ұйықтаңдар...Ерте-ерте-ертеде, ешкі жүні бөртеде...(балаларға қарап) Сендер неге ұйықтамайсыңдар, а?

Балалар: Біздің ұйықтағымыз келмейді.

Карлсон: Ендеше, не істегілерің келеді?

Балалар: Көп ойыншықтармен ойнағымыз келеді.

1

Карлсон: Енді не істедім? Көп ойыншықтарды қайдан аламын?...Менің шатырға қайтатын уақытым да келді. Балалардың күтушісі де келмей жатыр. (Ойланып) А-а, таптым, мен көмекке Көктемді шақырайын да, үйіме қайтайын...Тек қана, оны мен қалай шақырамын?

Жүрг.: Көктемді біз әнімен шақырайық. Иә, балалар? Біздің әнімізді естіп, Көктем осында жолды жылдам табады.

Карлсон: Иә, дұрыс айтасыз.

Ән «Көктемде» - хормен орындалады.

Залға вальс билеп **Көктем кіреді.**

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар? (Балалар амандасады) Сендердің әндеріңді естіп, осында асыға келдім.

Жүрг.: Сәлеметсің бе, Көктем? Келгенің жақсы болды, төрлет!

Көктем: Сендер неге мені шақырдыңдар?

Карлсон: Көктем, сенің көмегің қажет. Мен болсам , шатырыма оралуға асығып тұрмын, ал осы балалардың күтушісі дүкенге кетті. Балаларға қарайтын ешкім жоқ. Не істерімді білмеймін, көмектесші.

Көктем: Жарайды, көмектесемін. Мен, балалар, сендерге гүл сыйлаймын. Бұл жай гүл емес – сиқырлы гүл Түстігүл. Қарандаршы, оның 7 түсті күлтешелері бар. Әр күлтеше бір тілек орындайды. (Түстігүлді балаларға береді)

Балалар: Рахмет саған, Көктем.

Жүрг.: Рахмет,Көктем, біздің де балалар саған өз сыйлықтарын – тақпақтарын дайындады..

Тақпақтар – Көктем тұралы.

Көктем: Рахмет, балалар. Ал енді, мен көктемгі жұмысымды әрі қарай жалғастырайын. Келесі кездескенше, сау болыңыздар! (Балалар Көктеммен қоштасады.)

Карлсон: Керемет! Енді менің үйіме де оралуға болады. Сау болыңдар, балалар!

Жүрг.: Балалар, сендердің бірінші тілектерің қандай?

Балалар (гүлдің бірінші күлтешесін суырып): Ұша ғой, ұша ғой, күлтеше
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла,
Тілегімді орында!

-Біз тілейміз – ойыншықтар көп болсын!

Жүрг.: Осы тілек орындалу үшін, ойыншықтар тұралы ән айтайық, балалар.

Ән «Ойыншықтар» - хормен орындалады.

Жүрг.: Қандай ойыншықпен ойнағыларың келеді, айтыңдаршы тілектеріңді.

Балалар (гүлдің екінші күлтешесін суырып): Ұша ғой, ұша ғой, күлтеше,
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла,
Тілегімді орында!

2

-Біз тілейміз – Гномиктар ойыншықтарды!

Жүрг.: Гномиктар ойыншықтардың биін тамашалайық!

«Гномиктардың биі»орындалады.

Жүрг.: Балалар, үшінші тілектеріңіз қандай?

Балалар (Гүлдің 3-ші күлтешесін суырып): Ұша ғой, ұша ғой, күлтеше,
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла,
Тілегімді орында!

-Біз тілейміз – «Аспазшылар» ойынды ойнайық!

Жүрг.: Қанеки, қайда біздің аспазшылар? Келіңдер, дәмді көже пісіріп беріңдер!

Эстафеталық ойын «Аспазшылар» - екі бала-«аспазшы» жарысады.

Жүрг.: Келіңдер, балалар, көжелерінің дәмен татайық. (Балаларды қолынан ұстап, алдыға әкеліп, көжелердің дәмін аспазшыларға татқызады.)

Балалар: М-м-м, қандай дәмді көже!

Жүрг.: Екі көже де дәмді. Ойында достық женді!..Ал енді, балалар, сендердің 4-ші тілектерің қандай?

Балалар: Ұша ғой, ұша ғой, күлтеше,
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла,
Тілегімді орында!

-Біз тілейміз – Барби құыршақты!-деп, 4-ші күлтешені жүлады.

Жүрг.: Құыршақтардың биін тамашалайық!

«Құыршақтардың биі» орындалады.

Жүрг.: Рахмет, құыршақтар! Енді, балалар, 5-ші тілектеріңді айтыңдар.

Балалар (5-ші күлтешені сұырып): Ұша ғой, ұша ғой, күлтеше,
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла,
Тілегімді орында!

-Біз тілейміз – Жаңбыр жаусын!

Жүрг.: Ән «Жау, жаңбыр» - «Балдырған» вокал тобының орындауында.
Қарсы алыңыздыр!

Ән «Жау, жаңбыр» - «Балдырған» вокал тобының орындауында.

Жүрг.: Керемет! Көрдіңіздер ме, бізде қандай керемет әншілеріміз бар?!
Сиқырлы гүлдің көмегімен пайдалануға ұмытпаңдар, балалар. Сендердің 6-ші тілектеріңіз бар.

Балалар (6-ші күлтешені сұырып): Ұша ғой, ұша ғой күлтеше,
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла, тілегімді орында!

- Біз тілейміз –Маймылдар ойыншықтарды!

3

Жүрг.: «Маймылдар биін» қарсы алыңыздар!

«Маймылдар биі» орындалады.

Жүрг.: Рахмет, Маймылдар! Келіңдер, балалар, Маймылдармен «Көлеңке» ойынды ойнайық!

«Көлеңке» - жалпы ойын.

Жүрг.: Балалар, енді сендердің ақырғы тілектерің қалды. Не тілейсіңдер?

Балалар (7-ші күлтешені сұырып): Ұша ғой, ұша ғой, күлтеше,
Батыстан да Шығысқа.
Жер жүзін бір айналып,
Бар әлемді сиқырла,
Тілегімді орында!

-Біз тілейміз –әжелерге гүл сыйлайық!

Жүрг.: Сүйікті әжелеріне балалар «Гүлдермен биін» сыйлайды.

«Гүлдермен би» орындалады.

Жүрг.: Рахмет сендерге, балалар! Бізге бүгін мерекеге әжелер келді. Оларға біздің балалар ән мен тақпақтарын дайындады.

Тақпақтар – әжелерге арналған:

1-бала: Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем,
Ертегі айтып бер десең,

Айтып берер тағы әжем.

2-бала: Апамыз біздің меірімді,
Әлпештейді көңілімді,
Әкем, шешем анасы,
Әркез тілер өмірімді.

3-бала: Менің әжем- гүл әжем,
Алтын әжем, күн әжем.
Апам үшін, мен үшін,
Нағыз ана-тілі әжем!

Ән «Менің апам» - хормен орындалады.

Жүрг.: Енді біз әжелермен ойын ойнайық. (Ортаға 2 әжені шақырады.)

«Әжелермен ойын».

Жүрг.: Әжелерге рахмет айтайық...Балалар, білесіндер ме, 8-Наурыз – қыздардың мерекесі. «Қыз өссе – елдің көркі»-деп, бекер айтпаған халқымыз. Расында да, қараңдаршы – біздің қыздар қандай әдемі, сүйкімді! Ұлдар да біздің нағыз жігіттер. Олар қыздарға бүгін тақпақтары мен өз сыйлықтарын дайындады.

Тақпақтар – қыздар тұралы:

1-ұл: Біз қыздарды тыңдаймыз,
Итеріп қумаймыз.
Бұрымынан тарқылап,
Біз тентектік қылмаймыз!

2-ұл: Қыздар айтса ұғамыз,
Жолды беріп тұрамыз.

4

Бақшаға олар келгенде,
Алдарынан шығамыз.

3-ұл: Тату-тәтті жүреміз,
Біз қыздарды сүйеміз.
Әрқашан да оларға
Басымызды иеміз!

Ұлдар қыздарға сыйлықтарын сыйлайды.

Жүрг.: Өз аналарына ән-сылығын дайындаған «Балдырған» вокал тобы – «Құттықтаймын, мама, туған күніңмен!» әнді қарсы алайық!

Ән «Құттықтаймын, мама, туған күніңмен!» - «Балдырған» вокал тобының орындауында.

(Музыка естіледі)

Жүрг.: Бұл не дыбыс? Осында біреу келе жатыр.

Залға, тоқаш ұстап, Карлсон мен Күтуші кіреді.

Күтуші: Сендерді тастап, дүкенге кеткеніме кешіріңдер мені, балалар. Біз Карлсон мен бірге сендерге осындай дәмді тоқаш пісірдік.

Карсон: Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті аналар!

Жүрг-ші: Рахмет сендерге! Осы тәтті тоқаштың дәмін біз топқа қайтқанда татамыз, - деп, тоқашты балаларға көрсетеді.

Карлсон мен Күтуші кетеді.

Жүрг: Құрметті аналар, топта сіздерді осындай, балаларыңыздың қолымен істелінген, әдемі сыйлықтар күтеді.

Ата-аналарға сөз беріледі.

Жүрг: Ал, қадірлі ата-аналар, қонақтар, осымен 8-Наурызға – Аналар күніне – арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі кездескенше, сау болыңыздар!

Көңілді музыка ырғағымен балалар топқа қайтады.